

## **УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ**

### **Андатпа**

Бүгінді таңда жоғары оқу орындарының орны, олардың сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделуімен анықталады. Сонымен қатар белсенді кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен де белгіленеді. Бұған дәлел ретінде соңғы 10 жылдарда инновациялық дамуды және жоғары оқу орындардың әлеуетін басқару тақырыптарына арналған басқару әдебиеттерін қарастыруға болады. Осы орайда «әлеует», «кәсіпкерлік әлеует» түсінігін зерттеу маңызды. Бұл олардың сипаттамаларын «ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуеті» түсінігіне қатысты жинақтауға мүмкіндік берді. Жоғары кәсіби білім беру мекемелерінің кәсіпкерлік әлеуеті оны инновациялық экономиканы біріктіру үшін пайдаланылатын ЖОО-ның қолда бар кәсіпкерлік ресурстары мен мүмкіндіктерінің шектеулі үйлесімділігінің негізінде құрастырылады деген пайым айтылды. Осы мақалада біз шет елдік авторлардың жарияланған еңбектеріне қысқаша шолу жасаймыз. Жалпы алғанда, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетінің бағалануы стратегиялық талдау жасау мен басқарудың қажетті кезеңі болып табылады. ЖОО-ның нарықтық мүмкіндіктерін дамыту проблемасына жаңа әдіс-тәсіл табуға, олардың оңтайлы түрде қалыптастырылған құрылымның басқаруы ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін оның стратегиялық әлеуеті болып табылатындығын дәлелдеуге мүмкіндік бере отырып, бұл көрсеткішті анықтау ЖОО-ны басқаруға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етеді. Ғалымдардың жариялымдарын талдай отырып, «университеттің кәсіпкерлік әлеуеті» түсінігі бойынша консенсус жоқ екендігіне көз жеткіздік. Кәсіпкерлік әлеуетті бағалау бойынша әдістердің ішінде индикаторлар негізіндегі бағалау ең кең таралған әдісі болып анықталды. Сөздің түйініне келсек, университеттер өздерінің әлеуетін белгілі бір компоненттерге көңіл бөлу арқылы әр түрлі жолмен дамытуларына болатыны анықталды.

Тірек сөздер: кәсіпкерлік университет, әлеует, сараптамалық бағалау, басқару, құрылым, стратегия, инновациялық даму.

Соңғы кездері жоғары білім беретін мектептің нәтижелілігін арттыру мен салынатын бюджеттік қаражаттың қайтарымын ұлғайту мақсатында, оның қызметінің тиімділігін бағалау қажеттілігі өзекті мәселеге айналды. Осының бәрі оқыту мекемелерінің жұмыс істеу тиімділігін анықтап, кейін тиісті басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік бере алатын, ЖОО-ның қызметін бағалау әдістемесін жасау маңыздылығын дәлелдейді.

«Университеттің кәсіпкерлік әлеуеті» түсінігін анықтау.

Біздің пікірімізше, университет қызметі нәтижелерінің заман талабына ең жақсы сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған, заманауи университетті түрлендіруге қатысты ең басты идеяларының бірі кәсіпкерлік университет концепциясы болып табылады. Бұл тақырыпқа арналып көптеген мақалалар мен кітаптар жазылды. Алайда, осы мақалалар мен кітап авторларының «кәсіпкерлік университет» түсінігіне қатысты түсініктемелері әртүрлі. Бұл термин ретінде өз қызметін қамтамасыз етуге арналған қосымша қаржылық ресурстарды тартуға қабілетті жоғары оқу орны, оқытудың инновациялық әдістерін пайдаланатын университет, университет ғалымдарының әзірлеген жұмыстары енгізілетін өнеркәсіппен тығыз түрде өзара әрекеттесетін ЖОО түсініледі. Көптеген авторлар кәсіпкерлік университеттің сипаттамаларын жәй ғана сипаттап шығады. Мысалы, Ропкенің жұмысында осылай сипатталған болатын.

Осылайша, Г.Н. Константинов пен С.Р. Филонович берген кәсіпкерлік университеттің анықтамасы осы құбылыстың мәнін ашады деп ойлаймыз. «Кәсіпкерлік университет – бұл жаңа қызмет түрлеріне бастамашылық ету, ішкі ортаны трансформациялау және сыртқы ортамен өзара әрекеттесуді өзгерту арқылы білім іздестіру, сабақ беру және білімді практикаға келтіру сияқты үш сферадағы шектеулерден өту бойынша жүйелі түрде барынша күш салатын жоғары оқу орны» [1]. Көрсетілген барлық үш сферадағы шектеулер негізгі ресурс түрлерінің, атап айтқанда: қаржылық, ақпараттық және адам ресурстарының тапшылығымен әрдайым байланысқан. Осы ресурстарды тарту, көптеген жағдайларда, кәсіпкерліктің негізгі белгісі ретінде қабылданады. Алайда, біздің ойымызша, бұл қате болып табылады, себебі жоғарыда

көрсетілген үш сферадағы шектеулерден өтуге қатысты ресурстарды іздеу екінші маңызға ие. Оған қарамастан, ресурс проблемаларын шешпей, ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан, бұл жерде көп күш салуға тура келеді. Әдетте, дәстүрлі университеттер ресурстық проблеманы олар емес, олар жұмыс істейтін орта шешуі тиіс тапсырма ретінде қарастырады. Бұл бір-біріне қарама-қайшы келеді, бірақ, орта осы мәселені шынайы шешуге кіріскен жағдайда, университеттердің кәсіпкерлік әлеуеті тек төмендейді.

Әлеует (ұйымның әлеуеті) дегеніміз не?

Кәсіпкерлік әлеуетті зерттеу логикасы жүйелерді құрастырудың негізгі қағидаларына, соның ішінде санаттық қағидаларына сәйкес келеді. Базалық түсінік «әлеует» болып табылады. Оны болжалды қызмет нәтижелерінің мөлшерін анықтау үшін, ең тиімдісін таңдау кезінде әртүрлі объектілердің мүмкіндіктерін салыстыру үшін, әртүрлі жүйелердің даму бағыттары мен қарқынын болжау кезінде пайдаланады. Этимологиялық тұрғыдан алғанда, «әлеует» (потенциал) термині латын тілінен алынған. Шетел сөздер сөздігінде осы термин қуат, күш деген мағына береді. Орыс тілінің этимологиялық сөздігінде «әлеуетті» (потенциальный) сөзінің XIX ғасырда француз тілінен енген кірме сөз ретінде пайда болуы айтылады. Бұл жерде *potens* «бола алатын», сөзбе-сөз айтқанда «болуы мүмкін» деген мағына береді [2].

Өңірлік экономиканы зерттеу саласындағы танымал маман К.М. Миско әлеуетке сандық тұрғыдан бағаланып, нәтижесінде, тәжірибелік қызметтің мінсіз жағдайларында іске асырылуы мүмкін, зерттелетін объектінің нәтижелі пайдаланудың ішкі, жасырын мүмкіндіктерін адами тұрғыдан түсіну шегі деген анықтама береді.

Т.Г. Храмованың «әлеует» анықтамасына деген әдіс-тәсіліне назар аудару керек деп ойлаймыз. Ол оны былайша түсіндіреді: «әлеует – бұл жәй ғана ресурс пен оның саны емес, ол ішінде қамтылған жүйені берілген бағытта дамыту мүмкіндігі болып табылады [3].

Әлеуеті зерттелетін объектіні білдіретін сөзбен бірге пайдаланылған жағдайда, әлеует термин ретінде нақты мәнге ие болады.

Зерттеушілер Б.В. Салихов және В.О. Самойлов кәсіпкерлік әлеуетті келесідей қарастырады: «бұл жеке тұлға мен қоғам үшін талап етілетін құндылықтарды жасау мақсатында шектеулі ресурстардың инновациялық пайдаланылуын қамтамасыз ететін осындай қызметтің абстрактілі емес, нақты мүмкіндігі болып табылады. Формальды институттар мен формальды емес шектеулерді қоса алғанда, осы құндылықтарға заттық та, заттық емес те игіліктер кіреді» [4, б. 65].

А.Я. Степанов және Н.В. Иванова кәсіпкерлік әлеуетті келесідей анықтайды: «бұл кәсіпорынның қоршаған ортамен оңтайлы түрде өзара әрекеттесудің және ресурстардың рационалды түрде пайдаланудың процесінде тұтынушылардың тауарлар мен қызметтердегі қажеттіліктерін анықтаудың, қалыптастырудың және оларды барынша қанағаттандырудың жиынтық мүмкіндіктері» [5].

Яғни, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуеті ресурстардың болуымен ғана емес, оларды пайдалану тиімділігімен де сипатталады. Себебі бірдей әлеуетті мүмкіндіктері бар кейбір ЖОО-лар оларды пайдалану тиімділігімен ерекшеленеді.

Түрлі дереккөздерге сәйкес, ұйымдастырушылық әлеует келесідей бірнеше компонентті қамтуы мүмкін:

- ◆ миссия, болашақ түрі және стратегия;
- ◆ стратегиялық қарым-қатынастар;
- ◆ бағдарламаларды іске асыру және олардың әсері;
- ◆ ішкі операциялар және менеджмент;
- ◆ қаржы;
- ◆ жалпы басшылық пен көшбасшылық.

Кәсіпкерлік әлеуеттің мәні мен мағынасын ашайық.

ЖОО қызметінің нарықтық құрамдас бөлігі болып табылатын кәсіпкерлік қызметтің мақсаты білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметті іске асыратын нарықтық емес құрамдас бөлігінің дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған сәйкес, ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметін тиімді басқару үшін, ең алдымен, оның көлемінің шекарасын анықтап, екіншіден, оның әлеуетін есептеп шығару керек. Екіншіден, ЖОО-ның ресурстарын пайдалану тиімділігін / тиімсіздігін анықтау, яғни, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетінің кәсіпкерлік қызметтің

мүмкіндіктеріне сәйкестігін / сәйкес еместігін анықтау. Сондықтан, кәсіпкерлік әлеуетті бағалау ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметінің барлық мүмкіндіктері мен шектеулерін ескеретін интегралдық көрсеткіштер негізінде жиынтық болуы тиіс. Осы бағалаудың нәтижесі ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметінің есептік мөлшері болып табылады.

ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетінің мөлшері ЖОО қызметінің негізгі мақсатына қол жеткізу үшін ресурстардың барынша толық пайдаланылуын қамтамасыз ететін жағдайларда қолда бар ресурспен игіліктер мен қызметтердің нарықтық өндірісінің барынша мүмкін болатын көлемі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін анықтау элементі ретіндегі ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетін бағалау көрсеткіштер жүйесін бұдан әрі дәйектеу үшін қажет. Бұл жүйе оның көмегімен ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін жүйелік функционалдық білім беру ретінде басқару жолдары мен тәсілдерін табу мүмкіндігін қамтиды. ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетін бағалау әдістері неғұрлым жетілдірілген болса, осы мекемеге ғана қажетті бағытта ЖОО әлеуетінің әлеуетті мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады және, сәйкесінше, оның жұмыс істеуі де соғұрлым тиімді болады. Сондықтан, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетін бағалау әдістерін таңдау мен дәйектеу ЖОО-ның кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін басқарудағы маңызды кезеңі болып табылады.

Бір жағынан, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетін бағалау әдістерін ғылыми түрде дәйектелген таңдауы ЖОО қасиеттерін және оның жұмыс істеу және даму нәтижелерін түсіндіруге елеулі әсерін тигізіп, ал екінші жағынан, сыртқы жүйемен «берілетін» ЖОО-ның шекті кәсіпкерлік әлеуетін максималды дәрежемен іске асыруға мүмкіндік береді. ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетін объективті және дәйекті бағалануы өте қиын тапсырма болып табылады. ЖОО ішіндегі процестердің күрделілігін, алуан түрлілігі мен әртүрлі бағытталуын ешбір әмбебап көрсеткішпен сипаттауға болмайды. Қызметтің тиімділігін бағалау үшін шынайы (нақты немесе болжалды) және талап етілетін (қалайтын немесе мақсатты) нәтижелерді өлшеуге мүмкіндік беретін көптеген көрсеткіштер қажет. Басқаша айтқанда, тиімділік дәрежесі басқару объектісінің жұмыс істеу нәтижесін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесімен көрсетілуі тиіс. Көрсеткіштер жүйесін әзірлеу тиімділікті бағалау деректерінің жүйеге келтіруін және олардың топтасырылуын талап етеді. Көрсеткіштердің жиынтығы қаншалықты нақты болса да, ол өзара байланыстарды және бағыныштылық қатарын ескерусіз қызметтің тиімділігі туралы объективті түсінікті бере алмайды. Жүйелік көзқарас объектінің миссиясына сәйкес қызметтің барлық аспектілерін қамтуды талап етеді. Жүйелік әдіс-тәсілдің басты міндеті жүйенің күрделілігін, сондай-ақ, физикалық тұрғыдан іске асырылатын қосымша байланыстардың дәйектілігін анықтау мен сипаттау болып табылады. Ол басқару жүйесіне беріліп, жүйенің тиімділігін (бәсекелестік артықшылықтарын) арттыруға септігін тигізетін дербестіктің осындай салаларын сақтай отырып, оны талап етілетін шектерде басқарылатындай етіп жасайтын болады. Жеткілікті түрде тиімді басқару процесі ғана дұрыс болып табылады.

Әлеуетті құру ұйымдар үшін жалпы концепция болып табылып, бір немесе бірнеше ұйымдық компонентті дамытуға бағытталған процесс немесе әрекет ретінде сипатталады.

Бұл көзқарасты көптеген авторлар, атап айтқанда, «Коммерциялық емес өнімділікті күшейту: әлеуетті өсіру бойынша демеушілерге арналған нұсқаулық» атты Р. Коннолли мен С. Лукастың жұмысында қолдайды.

Сонымен қатар, әлеуетті құру ұйымның алға қойған мақсаттарға қол жеткізу қабілетін жақсарту құралы ретінде де анықталады.

А. Кузьмин мен Г. Подольный өздерінің «Университеттердің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау» атты еңбегінде де кәсіпкерлік университетті кәсіпкерлік әлеует негізінде бағалауды ұсынады [6]. ЕЭЫДҰ (ОЕСД, 2012) қолдауымен өткен Еуропадағы кәсіпкерлік университеттерді зерттеген авторлар барлық еуропалық университеттерге бірдей жарамды бола алатын кәсіпкерлік университеттің бірыңғай анықтамасын табу «өте қиын және қарама-қайшы тапсырма» болып табылады деген қорытындыға келді. Олар барлық КУ анықтамаларына бірыңғай әдіс-тәсіл жоқ деп ойлайды. Керісінше, «өнертапқыш, креативті және практикалық сияқты әдіс-тәсілдердің алуан түрлілігі өте құнды болып табылады. Бұл кәсіпкерлік стильдің ерекшелігі». Сондықтанда да, авторлар қазіргі көптеген анықтамаларға қайшы келмейтін және КУ-ның мәнін көрсететін, КУ-ның жалпыланған инклюзивті моделін жасауға тырысты. Бұл модель (ОЕСД, 2010, 2012)

кәсіпкерлік университетті классикалық университеттен ажырататын дамудың жеті бағытын қамтиды.

1. Көшбасшылық пен басқару.
2. Ұйымдастырушылық әлеует, адамдар мен ынталандырма.
3. Сабақ беру мен білімді меңгерудегі кәсіпкерлікті дамыту.
4. Кәсіпкерлердің даму мүмкіндіктері.
5. Білім алмасу мақсатында университет пен бизнес арасында жасалатын байланыс.
6. Университетті интернационалдандыру (әртүрлі халықаралық байланыстардың белсенді дамуы).
7. Кәсіпкерлік университеттің әсерін өлшеу.

Авторлар университеттің кәсіпкерлік әлеуеті анықтамаларының екі тобы бар деп ойлайды:

♦ «университеттің кәсіпкерлік әлеуеті – бұл...» аясындағы анықтамалар;

♦ кәсіпкерлік университеттің нақты сипаттамалары бар анықтамалар. Бірінші топқа Etzkowitz (2003) тарапынан ұсынылған анықтама тән [7]: «Университеттің кәсіпкерлік әлеуеті – бұл университетке «зияткерлік, коммерциялық және бірлескен жаңа кәсіпорындарды жасауда оқытушылар мен студенттерді қолдайтын табиғи инкубатор» болуға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктер, өзара қарым-қатынас пен құндылықтар». Университет менеджерлері осы ұсынылған сипаттамаларды әрқашан қолдай бермейді, біз де осы сипаттамалармен толық келіспейміз. Алайда, біздің пікірімізше, анықтама университеттің өзіндік ерекшеліктеріне, сондай-ақ, ол орналасқан мемлекеттік ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан, кәсіпкерлік университеттің нақты сипаттамаларында, мысалы, Б. Кларк ұсынған сипаттамаларда, кәсіпкерлік әлеуетті бағалау мақсатында пайдалануға ең жақсы мүмкіндігі бар: осы сипаттамалардың даму деңгейі бағалау болып табылады. Нақты сипаттамаларды бере отырып, университеттің кәсіпкерлік әлеуетінің құрамдас бөліктерін түсіндіру мүмкіндігі пайда болады [8].

Әртүрлі бағалау әдістері бар, солардың ішінде кеңінен қолданылатын түрлері: сараптамалық бағалау, критерийлер негізіндегі бағалау, эмпирикалық бағалау. Критерийлер (индикаторлар) негізіндегі бағалаудың өзіндік артықшылықтары бар, себебі ол өлшеулер негізінде құрастырылып, салыстыруға және қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша нақты шараларды ұсынуға болатын нақты сандық мәндермен көрсетілген.

Бағалау түрлерінің жалпы топтастырылуы.

♦ Сараптамалық бағалау. Бұл жағдайда бағалау пайымы белгілі бір пән саласында терең білімі бар арнайы іріктелген адамдар тарапынан шығарылады. Сарапшылар бағалау объектісімен танысып, өз тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, пайым шығарады. Бұл жерде сарапшыларды дұрыс таңдау негізгі сәті болып табылады.

♦ Индикаторлық бағалау. Бұл жағдайда бағалау пайымы белгілі бір процестер немесе құбылыстар туралы орта шешім шығаруға мүмкіндік беретін, алдын ала анықталған көрсеткіштерден (индикаторлардан) мәндерді өлшеу негізінде шығарылады. Бұл жерде бағаланатын шынайылықты жақсы білуі талап етілетін индикаторлар жүйесін қалыптастыру негізгі сәті болып табылады. Индикаторларды зерттелетін пән саласындағы сарапшылар әзірлеуі тиіс.

♦ Эмпирикалық бағалау. Бағалау пайымы бізді қызықтыратын объект немесе құбылыс туралы жүйелі түрде жиналған ақпаратқа талдау жасау негізінде шығарылады. Бұл жерде эмпирикалық бағалау зерттеуінің дұрыс дизайны негізгі сәті болып табылады. Сонымен бірге, эмпирикалық зерттеу әдістерін білетін және тиісті пән саласында білімі бар білікті мамандардың болуы да маңызды.

УКӘ сараптамалық өзіндік бағалау әдістерінің мысалы ретінде Еуропалық университеттерге арналған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қолдауымен құрылған әзірленген еңбекті қарастырайық (OECD, 2010, 2012) [9].

HEInnovate онлайн инструментінің бағалау әдісі сараптамалық бағалау мен индикаторлық бағалау арасында тұрғанын атап өткен жөн. Жан-жағынан алып қарағанда, әдістің жетекші әзірлеушісі ТЕХНОПОЛИС тобы болған. Әдістемені жасаудың негізгі әрекеттеріне келесілер кірді: әдебиетке шолу жасау, алғашқы КУ моделінің нұсқасын қалыптастыру, модельді талқылау және түзету, модельді сынамалау және түзетіп толықтыру, тағы бір талқылау циклы және инструменттің қорытынды нұсқасын қалыптастыру. Кез келген тіркелген пайдаланушыға

қолжетімді онлайн түрде жұмыс істейтін инструмент осы үлкен жұмыстың нәтижесіне айналды. Ол қызығушылық танытатын университеттерге өздерін келесідей жеті топқа біріктірілген критерийлер бойынша бағалауға көмектесуге арналған.

1. Басшылық пен басқару.
2. Ұйымдастырушылық әлеуеті: қаржыландыру, адамдар мен ынталандырма.
3. Сабақ беру мен білімді меңгерудегі кәсіпкерлікті дамыту.
4. Кәсіпкерлерді даярлау және оларды қолдау.
5. Білім алмасу мақсатында университет пен бизнес арасында жасалатын байланыс.
6. Университетті интернационалдандыру (әртүрлі халықаралық байланыстардың белсенді дамуы).

7. Кәсіпкерлік университеттің әсерін өлшеу.

HEInnovate мүмкіндіктері:

◆ Өз ЖОО-ның жүйелік бағалануын жүргізуге мүмкіндік береді.

◆ Жеті негізгі сала, 37 әртүрлі фактор бойынша күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

◆ Мекеменің кәсіпкерлік / инновациялық табиғатымен байланысқан талқылаулар мен дискуссияларды өткізу мүмкіндігін ұсынады.

◆ Уақыт өте келе, прогреске мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

◆ Жоғары сапалы оқу материалдарына қолжетімділік.

Осылайша, HEInnovate бойынша ұсынылған бағалау әдісінің артықшылықтары келесідей болмақ:

ЖОО-да өзгертулер енгізуге мүмкіндік беретін болады;

◆ жаңа қаржыландыру модельдерін табу;

◆ жұмысқа орналастыруға, кәсіпкерлікке назар аударту;

◆ интернационалдандыру / жаһандану;

◆ мүдделі тараптармен және жергілікті / өңірлік секторлармен өзара әрекеттесудің жаңа нысандары;

◆ өлшеуіштердің әсеріне ықпал ету;

◆ экономикалық өсуге қосатын үлесі;

◆ академиялық карьераға ықпал ету.

Жоғарыда көрсетілген құрал еуропалық университеттердің кәсіпкерлік әлеуетін бағалауға арналған арнайы эксперт мамандармен дайындалған құрал болып табылады. Көп жылдық тәжірибесі бар кәсіпкерлік жолын таңдаған ЖОО үшін арналған құрал маңызды сұрақтарды қарастырып, жүйелі түрде жағдайды бағалап, шаралар қолдануға көмегін тигізеді.

Жалпы алғанда, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетінің бағалануы стратегиялық талдау жасау мен басқарудың қажетті кезеңі болып табылады. ЖОО-ның нарықтық мүмкіндіктерін дамыту проблемасына жаңа әдіс-тәсіл табуға, олардың оңтайлы түрде қалыптастырылған құрылымның басқаруы ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін оның стратегиялық әлеуеті болып табылатындығын дәлелдеуге мүмкіндік бере отырып, бұл көрсеткішті анықтау ЖОО-ны басқаруға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етеді.

Ғалымдардың жариялымын талдай отырып келесідей қорытынды шығаруға болады:

1) бүгінгі таңда «университеттің кәсіпкерлік әлеуеті» түсінігі бойынша консенсус жоқ;

2) «кәсіпкерлік университеттің» концептуалды негізін көрсететін әр түрлі модельдер бар;

3) университеттер өздерінің әлеуетін белгілі бір компоненттерге көңіл бөлу арқылы әр түрлі жолмен дамытулары мүмкін;

4) критерийлер (индикаторлар) негізіндегі бағалау университеттің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау бойынша ең кең таралған әдіс болып саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Константинов Г.Н. Что такое предпринимательский университет / Г.Н. Константинов, С.Р. Филонович // Вопросы образования. – 2007. – № 1. – С. 49–62.

2 Этимологический словарь русского языка / под. ред. Шаинского Н.М. – М., 1994.

3 Храмцова Т.Г. Методология исследования социально-экономического потенциала потребительской кооперации: дис. ... докт. экон. наук. / Т.Г. Храмцова. – Новосибирск: Центросоюз РФ; СибУПК, 2002. – 374 с.

4 Салихов Б.В. Частная собственность как социально-экономическая основа реализации предпринимательского потенциала / Б.В. Салихов, В.О. Самойлов // Финансы и кредит. – 2006. – № 15(219). – С. 64–74.

5 Степанов А.Я. Категория «потенциал» в экономике / А.Я. Степанов, Н.В. Иванова. [Электронный ресурс] // Энциклопедия маркетинга. – 2009. – Режим доступа: <http://www.marketing.spb.ru/read/article/a66.htm>.

6 Кузьмин А.Н. Оценка предпринимательского потенциала университетов / Кузьмин А.Н., Подольный Г.А. // Проектирование, мониторинг и оценка. – 2015. – № 2. – С. 2–18.

7 Etzkowitz H. (2003). Research groups as 'quasi firms': the invention of the entrepreneurial university. *Research Policy*, 32. P. 109–121.

8 Clark B.R. (1998). *Creating entrepreneurial universities: organizational pathways of transformation*: Pergamon, IAU Press: Elsevier Science.

9 OECD. (2010). *Universities, innovation and entrepreneurship. Criteria and examples of good practice*. Retrieved from: <http://www.oecd.org/regional/leed/43201452.pdf>.

#### **Аннотация**

Способность вовремя адаптироваться к изменяющимся условиям внешней среды, а также возможность осуществления активной предпринимательской деятельности определяют положение современного вуза. Этим объясняется поток управленческой литературы последних 10 лет по вопросам управления инновационным развитием и оценкой потенциала высших учебных заведений. Поэтому важно изучение понятий «потенциал», «предпринимательский потенциал», которые позволяют синтезировать их характеристики применительно к понятию «предпринимательский потенциал вуза». В данной статье мы приводим краткий обзор публикаций зарубежных авторов. Оценка предпринимательского потенциала вуза является необходимым этапом стратегического анализа и управления. Определение этого показателя обеспечивает системный взгляд на управление вузом, позволяя по-новому подойти к проблеме развития его рыночных возможностей и доказать, что их оптимально сформированная структура представляет собой стратегический потенциал вуза, управление которым позволит повысить его конкурентоспособность. Проанализировав публикации, мы пришли к тому, что не обнаружили консенсуса по определению «предпринимательский потенциал университета». Из существующих оценок измерения предпринимательского потенциала университета индикаторная оказалась самым распространенным подходом. Но ясно одно – разные университеты могут по-разному развивать свой предпринимательский потенциал, уделяя особое внимание тем или иным его компонентам.

Ключевые слова: предпринимательский университет, потенциал, экспертная оценка, управление, структура, стратегия, инновационное развитие.

#### **Abstract**

The ability to adapt to the changing conditions of the environment, as well as the possibility of active business activity determine the position of the modern university. This explains the flow of management literature of the last 10 years on the management of innovative development and assessment of the potential of higher education institutions. Therefore, it is important to study the concepts of «potential», «entrepreneurial potential», which allow to synthesize their characteristics in relation to the concept of «entrepreneurial potential of the university». In this article we give a brief overview of publications of foreign authors. The evaluation of the entrepreneurial potential of the university is a necessary stage of strategic analysis and management. The definition of this indicator provides a systematic view on the management of the university, allowing a new approach to the problem of development of its market opportunities and prove that their optimally formed structure is a strategic potential of the university, the management of which will improve its competitiveness. After analyzing the publications, we came to the conclusion that we did not find a consensus on the definition of «entrepreneurial potential of the university». Of the existing estimates of the university's entrepreneurial potential measurement indicator proved to be the most common approach. But one thing is clear, different universities can develop their entrepreneurial potential in different ways, paying special attention to one or another of its components.

Key words: entrepreneurial university, potential, expert assessment, management, structure, strategy, innovative development.